

**Алтай ауданының мәслихатының 2021 жылғы 21 қазандағы № 8/5-VII "Алтай ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері және оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы мәслихатының 2023 жылғы 13 қазандағы № 6/3-VIII шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 24 қазанда № 8902-16 болып

Алтай ауданының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Алтай ауданының мәслихатының 2021 жылғы 21 қазандағы № 8/5-VII "Алтай ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері және оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 25020 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 2-қосымшасында реттік нөмірі 4 жолы жаңа редакцияда жазылсын:

"4) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 20 мамырдағы бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32546 болып тіркелген) еңбек және жұмыспен қамту статистикасы бойынша статистикалық байқауларды талдау негізінде, сондай-ақ Еңбек ресурстарын болжаудың ұлттық жүйесін қалыптастыру және оның нәтижелерін пайдалану қағидаларына сәйкес қалыптастырылатын еңбек ресурстарының болжамын ескере отырып айқындалатын сұранысқа ие денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт және әлеуметтік қамсыздандыру мамандары."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Алтай ауданының мәслихат төрағасы*

*Л. Гречушникова*